

## ФИЛОСОФИЯ

## ФИЛОСОФИЯ

## PHILOSOPHY

ӘОЖ 1:28:929

Ж.А. Алтаев, Ж.А. Амиркулова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail: Altaev\_2007@mail.ru

**Әл-Фараби шығармашылығындағы дін мен  
философияның ортақтастығы**

Ғылыми мақалада әл-Фараби шығармашылығындағы дін мен философияны үйлестіру мәселелері қарастырылады. Авторлар әл-Фарабидің «Екі философтың – қасиетті Платон мен Аристотельдің көзқарастарының ортақтығы туралы» трактатын философиялық тұрғыдан талдай отырып, ғылыми тұжырымдар жасайды. Әл-Фарабиді толғандырған Платон мен Аристотель философиясы арасындағы қайшылықтарды жойып, оларды үйлестіру, исламдық дүниетаным мен ежелгі грек философиясы арасындағы көзқарастар қайшылығын жою әрекетін көрсетеді. Бұл трактат Платон мен Аристотельдің көзқарастарының ортақтығын, үйлесуін дәлелдейді. Бұл әрекет әл-Фарабидің сол замандағы философиялық бағытқа таза аристотелизмді мойындатуға тырысқанын көрсетеді. Мақалада әл-Фарабидің Платон мен Аристотельдің көзқарастарының ұқсастықтары мен қатар олардың өмір сүру салтында, іс-әрекеттері мен көптеген пікірлерінде қайшылықтар барлығы да айтып өтіледі. Әл-Фарабидің, Платон мен Аристотельдің философиясын сабақтастыруындағы тағы бір мақсаты – Аристотель философиясының исламдық дүниетанымға қайшы келетін тұстары айтылады. Әл-Фараби дін мен философия арасындағы байланысты үш тұрғыдан қарастыруы философия мен дінді ортақтастыру мәселесімен байланысты үндестігі көрсетіледі. Әл-Фарабидің діни-философиялық дүниетанымы философиялық тұрғыда пайымдалып, дін мен философияны, ғылымды қатар дамытқан ұлы философтың ғылыми еңбектерінің ислам ғылымының дамуына үлкен ықпал еткені ғылыми тұжырымдалып айқындалады. Әл-Фарабидің дін мен философияны үйлестіру әрекеттері пайымдалып ислам құндылықтары жалпы адамзаттық құндылықтар ретінде адамзат өркениетінде, ғылымында өзіндік рөл атқарғандығы әл-Фараби ислам дүниесінің, ислам философиясының ең биік философы екені айтылып тұжырымдалды.

**Түйін сөздер:** исламдық дүниетаным, эманация, ислам философиясы, дін мен философия үйлесімділігі, «Қайырымды қала тұрғындары», алғашқы түрткі.

D.A. Altaev, Z.A. Amyrkulova

**Interrelation of religion and philosophy in creative works of al-Farabi.**

In article al-Farabi attempt to carry out a task which continues to excite scientists – to try on philosophy/mind with belief/religion. Such important questions for al-Farabi as “reconciliation”, contradiction of elimination between Platon and Aristotle’s philosophies, and as contradiction of elimination between Islamic outlook and views of Ancient Greek philosophy are analyzed.

Al-Farabi considers communication between religion and philosophy in three aspects: 1) Attitude towards the Founder. As the main difficulty that in Islam the concept of God is the key; for Aristotle the concept of the Prime causes isn’t central; 2) The concept “Vakhy” – “divine revelation”, absent in the Greek philosophy. Therefore al-

Farabi was compelled to make any comments concerning a prophecy, revelation and miracles shown by prophets; 3) The relation between commoners incapable of philosophy (“a’vвам”) and the philosophers being the elite (“хаввас”). Externally this question understood al-Farabi from the pedagogical point of view; actually it was deeply connected with a problem of reconciliation of philosophy and religion. Proceeding from it the special attention is paid to the analysis of interrelation of religion and philosophy of al-Farabi, the role of values of Islam in formation of universal values.

**Key words:** emanation, Islam philosophy, interrelation of religion and philosophy.

Ж.А. Алтаев, Ж.А. Амиркулова

### Взаимосвязь религии и философии в творчестве аль-Фараби

В статье рассматривается попытка аль-Фараби осуществить задачу, которая и по сей день продолжает волновать умы ученых – примерить философию/разум с верой/религией. Анализируются такие важные вопросы для аль-Фараби, как «примирение», устранение противоречия между философиями Платона и Аристотеля, а так же устранение противоречия между исламским мировоззрением и взглядами древне-греческой философии.

Аль-Фараби рассматривает связь между религией и философией с трех аспектов: 1) отношение к Создателю. Главной трудностью здесь выступало то, что в Исламе понятие Бога является абсолютно ключевым; для Аристотеля же понятие Первопричины центральным не является; 2) понятие «Вахий» – «божественное откровение», отсутствующее в греческой философии. Именно поэтому аль-Фараби был вынужден сделать разного рода комментарии относительно пророчества, откровения и чудес, демонстрируемых пророками; 3) отношение между неспособными к философии простолюдинами («a’vвам») и философами, являющимися избранными («хаввас»). Внешне этот вопрос разбирался аль-Фараби с педагогической точки зрения; на самом же деле он был глубоко связан с проблемой примирения философии и религии. Исходя из этого, особое внимание уделяется анализу взаимосвязи религии и философии аль-Фараби, роли ценностей ислама в формировании общечеловеческих ценностей.

**Ключевые слова:** эманация, философия ислама, взаимосвязь религии и философии.

Әбу Насыр Мухаммед әл-Фараби (870-950) араб тілді ислам философиясының ең көрнекті өкілдерінің бірі. Дәстүр бойынша оның исламдық перипатетиктер қатарына жатқызылуына қарамастан, имам әл-Ғазали әл-Фараби мен ибн Синаны грек философиясын жақтаушылар қатарына қосады, ал ибн Рушд әл-Фараби Аристотель философиясының көптеген ойларын оқырмандарына қате, бұрмалап жеткізгенін атап көрсетеді [1, 153 б.].

Жұмсақ мінезімен ерекшеленген және өмірін философия мен ой-толғауларға арнаған, билеушілердің көмегін қабылдап, өмірінің соңына дейін интеллектуалды тұрмыс салтын таңдаған әл-Фараби өз заманының жан-жақты білімді адамдарының бірі болған, бірқатар шет тілін меңгерген және өзінің философиялық ойлары мен іс-әрекеттерінде қайшылықтар болдырмауға тырысқан [2, 174 б.]. Әл-Фараби бойынша философиямен тек өз бойын өшпенділік, сараңдық сияқты жаман қасиеттерден аулақ ұстап, жан тазалығын сақтаған адам ғана айналыса алады.

Әл-Фарабиді маңызды екі мәселе толғандырды:

1) Платон мен Аристотель философиясы арасындағы қайшылықтарды жойып, оларды үйлестіру;

2) Исламдық дүниетаным мен ежелгі грек философиясы арасындағы көзқарастар қайшылығын жою.

Сол замандағы грек философиясына қарсы айтылған сыни пікірлердің бірі – Платон мен Аристотельдің бір-бірімен қарама-қайшылығы еді. Егер философия жалғыз Ақиқатты тануға жол ашатын болса, екі ең ірі философиялық жүйе көзқарастары бір-біріне қарсы бола ала ма? Егер екі жүйе де адамды Ақиқатқа жетелейтін болса, оларда ешқандай қарама-қайшылықтар жоқ; егер қарама-қайшылықтар бола тұра, екі философиялық жүйе де дұрыс деп танылса, бұл философияның толық жетілмегендігін, Ақиқатқа жол аша алмайтындығын меңзейді. Сол заман философиясына қарсы айтылған пікірлердің мазмұны осындай сыни мағынада болған.

Бұл сынға жауап ретінде әл-Фараби «Аль-

джамам бейт рай аль-хакимейн Ефлятун аль-лияхи уа Аристо» еңбегін жазады («Екі философ – Қасиетті Платон мен Аристотельдің көзқарастарын ортақтастыру»). Бұл еңбегінде әл-Фараби Платон мен Аристотельдің айырмашылығы тек қана әртүрлі тілдік стильдерді қолдануында және өмір салтында екенін көрсетеді, ал қос ойшылдың философиялық көзқарастары ортақ болғанын айтады. Кітаптың басында әл-Фараби философияның пәні жайлы айтып, ғылымдардың классификациясын келтірген, одан әрмен Платон философиясының қысқаша мазмұнын берген, ал кітаптың соңғы бөлімінде Аристотель философиясының негізгі сипаттамаларын атап өтіп, екі ойшылдың көзқарастарының ортақтығы мен үндестігін көрсетеді.

Әуелде Ш ғ. Александриялық мектеп өкілдері Амин мен Порфирий де екі гректің философиясын ортақтастырумен айналысқан, бірақ әл-Фарабидің көздеген мақсаты өзгеше еді [1, 154 б.]. Әл-Фарабидің ойынша, философия – Ақиқат және сол Ақиқатқа жету жолы, яғни барлық ұлы ойшылдар мен философтар ұзақ ой-толғаулар нәтижесінде бір нәрсеге келеді; осы тұрғыдан алып қарағанда, олардың барлығы дерлік Ақиқатты іздеуші бір мектеп өкілдері, сондықтан әртүрлі философтар арасындағы айырмашылықтар баршаға ортақ Ақиқатты әртүрлі жолмен көрсетуінде. Әрине, әл-Фарабидің осы әрекеті қаншалықты нәтижелі болғаны туралы сөз таластыруға болады, сонымен бірге бұл әдістің ислам әлемінің кейінгі ойшылдарына айтарлықтай ықпал еткені сөзсіз. Мәселен, әл-Фарабидің қалыптастырған гректік философия негізіндегі философиялық ойлау институтын оның ізбасарлары болған мұсылмандық философ-перипатетиктер грек философиясының белгілі бір өкілін алға тартса да (Мысалы, ибн Сина – Платонды, ибн Рушд – Аристотельді), әл-Фарабиден кейін қалыптасқан перипатетикалық философияның шегінен шықпаған.

Әл-Фарабидің Аристотель мен Платон философиясын сабақтастыруындағы тағы бір мақсаты – Аристотель философиясының исламдық дүниетанымға қайшы келетін тұстарын Платон философиялық ілімімен «толықтыру» еді; бұл жерде александриялық неоплатонизм мектебінің философиялық зерттеулері маңызды рөл атқарды. Бірақ нәтижесінде әл-Ғазали әл-Фарабидің бұл әрекетін сынға алады. Аристо-

тель философиясы бойынша терең білімі мен керемет философиялық қабілеті, тіл білімі, математика, астрономия және сол заман ғылымының өзге де салаларындағы жан-жақты білімінің арқасында әл-Фараби мұсылмандық Шығыста «аль-муаллим ас-сани» «екінші ұстаз» деген атаққа ие болады [2, 174 б.].

Философия жайлы айтқанда әл-Фараби гректік «фәлсафа» сөзін немесе араб тілінің «хикмет» (даналық) сөзін қолданған. Әл-Фараби Платон мен Аристотель философияның ойлау жүйесін даналық пен құдыретті жаратылыс идеясымен байланысын қалпына келтіруге, шынайы философияны құдыретті даналыққа қайшы келмейтінін көрсетуге тырысқан [1, 155 б.].

Сонымен әл-Фараби еңбектерінің маңыздылығы бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпаған, ол философияны/ақыл-ойды сеніммен/дінмен үйлестіру мәселесін қарастырған.

Әл-Фараби дін мен философия арасындағы байланысты үш тұрғыдан қарастырады:

1) Жаратушыға деген қатынас. Исламда Құдай ұғымы басты, ұйытқы ұғым болып табылады; ал Аристотель үшін Бірінші себеп түсінігі негізгі емес.

2) «Вахий» ұғымы – «шынайы сенім», бұл ұғым грек философиясында кездеспейді. Осы себептен әл-Фараби пайғамбарлық, оның таңғажайып кереметтері мен сырлары жайлы бірқатар түсіндірмелер ұсынған.

3) Философияға қабілеті жоқ қарапайымдылар («а`ввам) мен таңдаулылар болып табылатын философтар арақатынасы. Әл-Фараби бұл мәселені жалпы педагогикалық тұрғыдан талдаған, ал шын мәнінде бұл философия мен дінді ортақтастыру мәселесімен байланысты болған.

Грек философиясы дүниеге деген детерминистік қатынаспен ерекшеленеді, сол себепті жалғыз Жаратушының бар екенін мойындай алмайды. Ежелгі гректік дүниетанымы бойынша болмыс әуелде хаос түрінде болған, әрмен келе Демиург-Құдай оны жүйелі қалыпқа (космос) келтірген. Аристотель Жаратушы жайлы айтқанда, оны дүниені бар етуші және қозғалысқа келтіруші «Алғашқы түрткі» ретінде сипаттайды. Ислам бойынша, Жаратушы-Аллах бүкіл әлемді бар етуші, болмыстағы барлық құбылыстар мен өзгерістер тек құдайдың еркімен және құдыретімен болады. Аллахтың еркінен тыс ешнәрсе жаратылмайды және

ешқандай өзгеріс болмайды. Дәл осылай Аллаһ үнемі шариаттың қағидалары мен заңдары арқылы дүниені басқарып отырады. Аллаһ өзін адамның әлеуметтік, рухани, саяси өмірінде тіпті күнделікті тұрмысында танытады.

Жаңа платоншылдықта қалыптасқан «Жалпыға ортақ» ұғымын исламдағы «таухид» («бірқұдайлық») ұғымымен ортақтастыру әрине өте қиын мәселе болған. Неоплатондық «Бірегейлік» ұғымы мұсылмандарға, еврей философтарының ықпалына ұшырап жетті, олар бұл концепцияны еврейлік Торадағы Жалғыз Құдай ұғымымен сабақтастыруға ұмтылған. Әл-Фараби жаңа платоншылдық жолымен жүріп «эманация» теориясын құрастырған. Осы көзқарас тұрғысынан қарасақ, Құдай Платон мен Аристотельдің және неоплатониктердің түсінігінше Бірегей, дүниедегі барлық нәрселер Құдайдан таралады. Демек, Жаратушы өзін және өз болмысын ойлай алатын ақыл-парасат. Ақыл-парасат, ақыл-парасатпен танушы, ақыл-парасат арқылы танылған осы үшеуі тұтас нәрсенің аспектілері, Жаратушының мәні болып табылады. Бір сөзбен айтқанда білім, танушы, танылған нәрсе ортақ болады, ал Жаратушы әр нәрсенің түпкі және жалғыз себепшісі. Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындары туралы» еңбегінде өзінің парасат туралы концепциясын ары қарай дамытып, Жаратушы мен оның жаратылыстарының арасында жеке сана, тұлға мен функцияларға ие аралық күштердің бар екенін атап өткен. Сонымен, осы жолмен әл-Фараби исламдық діни ілім мен философияны үндестіруге ұмтылған. Шындығында әл-Фарабидің эманация туралы концепциясы Аристотельдің мәңгілік әлем концепциясынан көп ерекшеленбеген. Материя толықтай Құдайға тәуелді, бірақ әл-Фарабидің ойынша ол Құдай арқылы жаратылғандықтан, мәңгілік сипатқа ие болуы әбден мүмкін. Эманация теориясының іргелі идеясы бұл – Жаратушының өз болмысын білетіндігі туралы идея. Бұл білім дүниенің жаратылысының түпкі себебі мен алғашқы мақсаты болып табылады. Сонымен, эманация теориясы онтология тұрғысынан алып қарағанда, үздіксіз қызметтің нәтижесі [1, 175 б.].

Аристотель үшін құдыретті күш – бұл құдайлар немесе жұлдыздарға ұқсас жаратылыстар. Әл-Фараби оларды «жалпыға ортақ ақыл-парасат» деп атайды; ибн Сина оларға ислам

дүниетанымына жақын «періштелер» есімін берген.

Әл-Фарабидің ойынша келесі бір тақырыбы пайғамбарлық болды. Оның ойынша пайғамбарлық ақыл-ойдан тыс құбылыс емес. Бұл қарапайым адам болып табылатын пайғамбардың ақыл-ойдың күшімен ерекше күйге жетуі. Сонымен қатар бұл «жасампаз парасаттың» (а`кл-и мунфа`ил») қызметі. «Файз» – шамадан тыс, яғни ақыл-ойының шамадан тыс қызмет етуінің нәтижесінде пайғамбар адам өткен мен болашақ жайлы мәліметтер береді. Әл-Фараби пайғамбарлықтың құпиясын рационалды түрде түсіндіруге талпынған. Сонымен бірге әл-Фараби пайғамбарларды философтармен байланыстыратынын байқауға болады. Осы философиялық әдіс тұрғысынан, пайғамбар да, философ та «жасампаз парасатпен» «акл-и фа`аль» байланыс орнатуға қабілетті таңдаулы («хаввас») жандар болып табылады. Олардың арасындағы жалғыз айырмашылық бар – философ бұл күйге ой-толғаулар мен теориялық ойлау әдісі арқылы жетеді, ал пайғамбар – қиял күші арқылы [1, 158 б.].

Әл-Фарабидің ойынша «жасампаз парасатпен» екі түрлі әдіс арқылы байланыс орнатуға болады: жоғарыдан келген ой-толғаулар мен шабыт арқылы. Адамның рухы ұзақ уақыт болмысты ақыл-парасатымен зерттеп, зерделеу арқылы, қоршаған ортадан құдыретті күштің көрінісін танытын күйге жете алады; бұл рухтың «акл-и мустефад» («пайда болған парасат») деңгейіне көтерілуі, яғни адам заттар арасындағы байланысты мінсіз, таза абстрактылы түрде қабылдай алады [4, 180 б.]. Бұл күй тек қана ғалымдар мен философтарға тән, себебі олардың беймәлім нәрсенің сырын ашып, құдыретті күшті тануға қабілеті бар. Ал пайғамбар «жасампаз парасатпен» байланыс орната алатын, шабыт сезімін өткір ақыл мен ерекше зеректілік қасиетімен ұштастыра алатын адам. Жаратушы сыры («вахий») бұл эманация Құдайдан берілген «(құдыретті білімнің) асып-тасуы» («файазан»). Әл-Фараби атап өткендей, кейбір ерекше зерек адамдар, пайғамбар болмаса да, терең сезімдер мен шабыт арқылы осындай қиял күшіне ие болуы мүмкін. Ойшыл осындай адамдар философтар екенін айтады [1, 158 б.].

Өз теорияларын құрастыруда Аристотельдің түстер концепциясын қолданған Әбу Насыр

еңбектеріне көз жүгіртсек, «жасампаз парасат» пайғамдарларға Жаратушы сөзін жеткізетін Жебірейіл періште екенін аңғарамыз. Егер пайғамбар Жебірейіл періштемен ой-қиял арқылы байланысатын болса, философ бұған дұрыс логикалық ойлау тәсілі арқылы және болмысты терең зерделеу арқылы қол жеткізеді. Екеуі де бір жерден нәр алады, бірақ философ материалды әлемді бақылау арқыл сол әлемді Жаратушыны таниды, ал пайғамбар жан тазалығы арқылы материалды әлемнің жаратушылық негізіне көз жеткізеді. Сол себепті әл-Фараби үшін діни ақиқат пен философиялық ақиқат арасында айырмашылық болуы мүмкін емес, өйткені философия да, дін де Жаратушымен байланысты – тек біріншісі ой-толғаулар арқылы, екіншісі қиял арқылы [1, 158 б.].

Бірақтар философия тарихын зерттеушілер әл-Фарабидің осы идеясын ұсынғанда, ол философтарды пайғамбарлардан жоғары бағалаған деген ой білдіреді. Бірақ, М. Ийсуф пен Корбин бұған қарсы әл-Фарабидің пайғамбар мен Жебірейіл періште арасында байланыс орнату міндетті түрде пайғамбарда абстрактылы, философиялық ойлау қабілетінің болуын шарт еткен. Сонымен бірге, мұқият зерттеу барысында әл-Фараби «жасампаз парасат» туралы айтқанда Жебірейіл періштені сілтегені айқын болады. Әл-Фарабидің бұл әдісін діни болып табылатын «періште» ұғымын, ақылмен түсіндіруге тырысқан деп айту қате болар еді; керісінше ойшыл адамға тән ойлау процессінің құдыреттілігін, метафизикалық қасиетін көрсетуге талпынған болар деп айтуымызға болады. Демек, парасат пен періште бір жерден бастау алса, олардың біреуінің басым деп айта алмаймыз [2, 140 б.].

Әл-Фарабидің о дүниелік өмір жайлы ойлары да өте қызық. Әл-Фараби адам өз іс-әрекеттері үшін келесі өмірде сауап алатынын немесе жазаға ұшырайтынын ешқашан жоққа шығармаған. Әл-Фараби адам дүние салған соң, оның рухы азапқа толы немесе рахатқа толы келесі өмірге өтеді деген. Бірақ ол өмір тек рухани болады. Келесі өмірде адамдарға берілетін материалдық, тән сауаптары туралы идеяны әл-Фараби адам парасатының барлық материалдық шектеулерден босап, толық жетілген парасатқа айналуымен түсіндірген. Кейін бұл көзқарас исламдық «Қалям» өкілдерінің наразылығын туындатады, олар қайта тірілту бұл тек қана рухтың

емес, сонымен бірге тәннің де қайта тірілуі екенін атап өтеді, бұлай болмаған жағдайда Жаратушының әділеттілік («а`далет») принципі бұзылады, себебі адамның тәні рухы сияқты сауап алу керек, немесе жазалану керек; сонымен бірге адам тек тәні арқылы Жаратушының мейірімділігі мен нығметін танып, оған алғыс айту қажеттілігін сезінеді; рух жалғыз болғанда бұған қабілетсіз.

Әл-Фарабидің келесі бір маңызды идеясы – бұл адамзат қоғамын үш категорияға бөлуі: «а`ввам» – қарапайым халық, «мутакаллимдар» – философиялық дәлелдемелер қолданып ой толғаулар жүргізуге қабілетті, білімді діни оқымыстылар мен философтар. «А`ввам» ешқашан философиялық дәлелдемелер арқылы ақиқатты тани алмайды. Олармен тек қарапайым сөз тіркестерін, мысалдарды қолданып сөйлесуге болады. «Мутакаллимдармен» әл-Фарабидің ойынша тіпті тіл табысу қиын, себебі олар тек сөз жаңылыстыру мен жанжалдар жүргізу әдісін қолданады. Философтар бұл топшылауда, ең жоғарғы орынға ие, өйткені олар Ақиқатқа жол бастайтын таңдамалы тұлғалар.

Әл-Фараби философия мен дінді толықтай үндестіре алмады, себебі ол діни мәтіндердің мазмұнынан алшақтағысы келмеген «Қалам» өкілдерінен қолдау таппаған эманация теориясын қолданды, бірақ кейбір діни мәселелердің интуитивті-сезімдік түсіндірмелеріне арқа сүйеген бірақтар суфилерден қолдау тапты [1, 160 б.].

Эманация теориясы бойынша, болмыс Жаратушыдан пайда болды. Бірақ, бұл Жаратушының еркіне тәуелді болды ма, немесе эманация өз еркімен жүзеге асты ма деген сауалға жауап жоқ. Сонымен бірге бұл теория бойынша, Жаратушы мен әлем арасында көптеген жалғастырушы-субстанциялар (мутаваксыт) бар. Аллах барлық нәрседен хабардар ма, немесе білетіні шектеулі ме деген сауалға да анық жауап жоқ, себебі болмыс Жаратушыдан десек, эманация теориясы бойынша, Ол өзінен басқа ешнәрсені білмейді. Нәтижесінде бұл толық детерминизмге әкеледі, немесе Жаратушының ерікке ие бола алмайтынын мойындауға (!). Суфилер үшін эманация біршама өзгеше түрде болған – Жаратушы өзін айнадан көргендей көргісі келді, бұл Жаратушы өзін адам мен болмыстан көруі арқылы жүзеге асты; немесе Жаратушы танылуды қалады [1, 160 б.]. Әл-Фарабидің «парасат» пен «ақыл» деп

аталған және Жаратушы мен оның жаратылыстары арасындағы байланысты мінсіз деңгейге жеткізуге арналған аралық субстанциялары, нәтижесінде «мутакаллимдер» мен философтар тарапынан сынға алынды. Мысалы, Ибн Рушд «ақылдың» болуын негізсіз деп таныды. Ибн Рушд бойынша, эманация теориясы Аристотель еңбектерінің түпнұсқаларында да, оларға жазылған түсіндірмелер де болмаған. Сол себепті ол әл-Ғазалидің эманация концепциясы дәлелденуі мүмкін емес және болжамдар негізінде пайда болған дегеніне қосылады. Ибн Рушдтың эманация теориясы туралы сынын төмендегідей келтіруге болады:

1) Құранда эманация туралы айтылмайды. Бұл концепция Аллаһ барлық нәрселердің жаратушысы екеніне күмән туғызады, ал Құранда керісінше осыны дәлелдейді [4, 229-234 б.].

2) «Біреуден әрқашан біреу жаралады» деген пікір тек болжам ғана және қате. Біреуден көп нәрсе жаралуы мүмкін. Әлемде эманация ұсынғандай иерархия жоқ.

3) Ибн Рушд Құран мазмұнындағы әлем жаратылысы туралы түсінікті (оған ибн Рушд өзінше түсінік берген) Аристотель құрастырған жаратылыс туралы түсінікпен ұштастыруға тырысқан. Нәтижесінде ол бүкіл болмыс бұл бір ғана күшке бағынатын тұтастық деген ойға келеді. Әлемде эманация теориясында «аспан парасаттары» жүйесі арқылы көрсетілгендей, әлемді тәртіпке келтіріп отыратын күштер жоқ, бірақ тек бір күш – Жаратушының еркі бар [2, 233 б.].

Сонымен қатар, философ пайғамбармен теңесе алады деген идея әл-Фарабидің кейбір еңбектеріне жүгінсек, тіпті одан асып түсуі ислам әлемінде ешқашан қабылданбаған. Пайғамбардың басты қасиеті – Алланың өзі оны барлық адамға тән қателіктер мен күнәлардан қорғайды, сол себепті Жаратушы оны әртүрлі жаңылулардан сақтайды. Ал, философқа келетін болсақ, тіпті ол «жасампаз парасат» арқылы Жебірейіл періштемен байланыс орнатты десек, оның біліміне жеке басының мүдделері мен қалауларының, ол өсіп жетілген мәдени органың, алған білімінің әсері болмайтынына кепілдік жоқ. Сонымен қатар, әл-Фарабидің өзі де, мұсылман әлемінің басқа да философ-перипатетиктері мойындағандай, әр адам өзінің қабілеті мен парасатының деңгейінде пайғамбарлар жеткізген Құдіретті сенімнен

(«вахий») қажет пайданы алады; ал философтар «хаввас» – «таңдамалы» деп аталған шектеулі көлемдегі адамдарға қана пайдасын тигізе алады. Демек, егер дін мен философияның көздеген мақсаты бір болса ( адамды Ақиқатқа жеткізу), дін бұл мақсатты әмбебап, барлық адамдарға түсінікті және Жаратушының өзі қателіктерден қорғаған әдіс арқылы жүзеге асырады.

Біз жоғарыда айтып өткендей әл-Фараби ислам философиясының, ислам дүниесінің ең биік философы екенін ұмытпауымыз керек. Әл-Фараби өз дәуірінің, өз заманының перзенті. Сондықтан да біздер оның діни-философиялық дүниетанымын дұрыс көрсете білуіміз керек. Ол ислам философиясының негізін салушылардың бірі. Оны ислам философиясынан бөліп алып қарастыру үлкен қателік болар еді. Сондықтан да ислам философиясы және оның ерекшеліктері, Ислам философтары, грек философиясының ислам философиясына әсерлері туралы айтып өтуге болады. Әл-Фараби дін мен философияны, ғылымды қатар дамытқан ұлы философ. Оның діни философиялық көзқарастары ислам ғылымының дамуына үлкен ықпал етті.

Шындығын да Ислам ғылым ретінде философиялық ойлауды қажетсінбейді, бірақ оған қарамай қазіргі заманғы әлем оның құрылымы және түрі аталмыш пәннің өмір сүруіне негіз болады. Себебі, ислам діні мен философияны бөліп қарастыру біздің рухани өмірімізде кейбір түсініксіздіктерге алып келуі мүмкін.

Дін тарихын алып қарастырсақ ондағы тарихи факт, философияның дінге қаншалықты рөл атқарғанына куә боламыз, сондай – ақ ежелгі грек қоғамына да. Ежелгі гректер ғылымдардың философиялық ой-пікірлеріне пайымдауларына ерекше арқа сүйеді. Жақын Шығыста да философиялық ойлар мен діни білімдер өзара қатар жүрді.

Исламның дамуы оның дүниеге келуі біздің өмірімізде дүниетанымдық, мәдени жағынан үлкен әсер етіп, рухани құндылықтарымызды толықтыра түсіп, үнемі өзінің мүмкіндігін ілгері қарай дамытып отырды. Соның бірі ретінде исламда әл-Калам атты ілім дүниеге келді. Мұсылмандық сенім білімді ақылмен, парасатпен түсіндіріп, қалам исламдық догмаларға теориялық тұрғыдан дәлелдеп беруге тырысқан бағыт болды.

Бұл процесс араб мұсылмандық қоғамына

грек философтары шығармаларының араб тіліне аударылып, ислам философиясының тереңдей түсуіне үлкен ықпал жасады. Әсіресе Аристотель және Платонның еңбектерінің араб тіліне аударылып араб мұсылман философиясының жоғарғы деңгейге көртерлуіне өзіндік үлкен орны болды. Ежелгі жерде Грек философиясын терең оқып білуге оны талқылауға түсініктемелер жазуға әрекет жасалған белгілі Шығыс перепатеизмі дүниеге келді. Оның негізгі өкілдері арабтың тұңғыш философы әл-Кинди (800-870), тегі түрік араб тілді философ Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған әл-Фараби (870-950). Медицина және философия ғылымындары саласында орасан зор еңбектер қалдырған Еуропада Авеценна деген атқа ие болғанатақты мұсылман философы Ибн-Сина (980-1037) т.б. болды.

Аббаситтер (750-950жж) династиясы басқарып тұрған дәуірде мұсылман ғалымдары математика, астрономия, химия, медицина және философия ғылымдарымен шұғылданды. Ол кезде ғалым болмаса философ деп аталғандар бірнеше ғылым саласымен шұғылданған ғалымдар болды. Оларды сондай-ақ астроном, астролог дәрігер, философ болмаса музыкант деп атады. Мүмкін бұл әл-Фараби пікірінше ислам философиясы математика, физика, метафизика және саясат (қала жөніндегі ғылымдар) ғылымдарынан тұрады деген ойларынан туындаса керек.

Араб-ислам философиясы адам, дүние, әлем тән Құдай туралы үлкен дәстүрлі проблемаларды шешуге тырысты. Олар туралы өз ойларын пайымдауларын анықтап, шығу тегінің бір-біріне тәуелсіз екендігін түсіндіреді.

Ислам философиясы өзіндік спецификалық ерекшеліктерден тұрады: бұл философия рухани сезімдік, діни болып табылады. Себебі ислам философиясы сенімнің діни аспектілеріне сүйенеді, ал оның орталық объектісі Құдай, Парасат, жан туралы сұрақтар болып табылады. Себебі жан табиғи тәннің ең жетілген акті болып, өмірге алып келу мүмкіндігін мақсат тұтады. Діни философия исламның ішінде бастау алады және солардың негізінде тәрбиеленгенін біздер дұрыс түсінуіміз керек.

Әл-Фарабидің айтуы бойынша «...Византияда трактаттарды оқып үйрену енді ғана басталған болса, ал Александрияда бұл бұрыннан басталған» еді дейді. Бірақ христианның Византияға келуімен трактаттарды оқу үйренуде тоқтап қалды, дегенмен олар сол

жақта қалып қойды. «Бірақ көп уақыт кейін ислам жаңа трактаттарды оқып үйреніп Александриядан Антокияға өтті». (Фараби 182 б.) Бұдан шығатын қорытынды философия ислам ғылымына оның алғашқы даму кезеңінде (шамамен VII-IXғ.ғ) енді деп айта аламыз. Араб-ислам философиясы X ғасырда пайда болды, ал оның негізін салушы араб философы Аль-Кинди болып табылады деген қате пікірлер де бар. Бұл пікірге келісетін болсақ жоғарыда Фарабидің айтқан ойына қарсы келеміз. Бірақ бізге белгілі мутаазалиттер яғни философиялық Калам (илм әл-Калам) мектебінен шыққан Абу аль-Хузайль аль-Алляр (туған жылы белгісіз, өлген жылы 849ғ.) тарихта болғанын білеміз. Ислам философиясы монотеизмге негізделіп, құдай ілімі туралы мұқият анализдер жасайды. Сөйтіп, олар каламдық іліммен өз дәуіріндегі мутаазалиттермен айтысқа түскендей болып, олардың ілімдерінің кемшіліктерін көрсетіп береді. Бір (Құдай), Ислам философиясының пікірі бойынша, жаратушы жоқтан бар жасады. Сонымен, ислам философияның табиғаты метафизикамен өте мықты байланысты болды.

Ислам философиясы өзінің негізінде логиканы алады. Ислам философиясы діни сипатына қарамай парасатқа сүйене отырып, құдайлықты, адам болмысын қарастырғанда логикалық ойлау жүйесіне сүйенеді. Фараби бойынша Ислам философиясының негізгі мақсаты логика өнерін қарастыру. Адам ақылы мен парасаты-адам мүмкіндігінің ең күшті қасиеті. Адам ең бір ақылды жан. Ақылдың екі түрі: практикалық, өзінің іс әрекеті мен тәнін басқарады, тәртіпке салады және теориялық ол білім және таныммен ерекшеленген.

Ақыл парасаттың күшімен біздер практикалық ақиқатты түсіндіреміз, дәлелдейміз. Шындығында таным бұл субстанция емес. Оның ішінде өзінің парасатымен танылатын тәжірибеден шығатын жәйттер де бар.

Бұл ұғым (орта ғасырларда, ренессанс дәуірі алдында) Христиан философиясына келсе, ал ислам философиясы бұл эстафетаны бұрыннан жүргізіп келген болатын.

XIII ғасырда шіркеуден шыққан көптеген бұйрықтар философиялық кітаптарды оқуға тыйым салғаны белгілі. Оған мысал ретінде айтсақ католик шіркеулерінің эретицизм ағымның дүниеге келіп қалуынан қатты қорқып, Аристотельдің философиялық ілімін оқып үйренуге қатаң тый-

ым салды бұл тарихи дәлел. Мәселен, 1210, 1215 жылдары Папа Иннокенти Аристотельдің метафизикасын пайдалануға болмайды деген қатаң бұйрық шығарды. Сондай-ақ, шіркеу орындарының ғылымға, білімге деген теріс көз қарастары ғылым мен философияның ілгері дамуына үлкен кедергі жасады.

Ал, мұсылман әлемі болса ежелгі грек философиясын терең игере бастады, әсіресе олардың Платон мен Аристотель философиясына деген көз қарастары өзгеше болды. Олар Платонның «Мемлекет, сондай-ақ Аристотельдің ірі-ірі шығармаларын араб тіліне аударып үлгерді. Ислам философтары Платон және Аристотельді тікелей олардың түп шығармалары арқылы танып білді. Сондай-ақ, өздеріне дейінгі болған тарихшылардың, мысалы, Хунайн б. Исхаха және оның шығармасы «Навадир ал-фалясифа уа ал-хукама» (Сирек философтар және данышпандар) шығармалары арқылы танып білді.

Ислам философиясының ерекшелігі оның түсініктеме, келісімге арналғаны яғни философтардың ойларының тоғысуы бір-біріне деген төзімділігі сұхбатқа деген үлкен іс-әрекеттері болып табылады.

Бұл жөнінде Фарабидың өзіндік көзқарастары бар. Ол философияның тұтастығына сенімді және үлкен философтар өздерінің жүйелі ойлары арқылы бір-бірімен тіл табысуы керек. Егерде олардың барлығының басты мақсаты ақиқатты танып білу болса дейді. Ол қасиетті екі философ Платон мен Аристотель философиясында ешқандай да алшақтық жоқ. Әрбір ғалым болам деген адам осы екі ұлы философтардың шығармаларын жеттік білуі тиіс.

Барлық мұсылман философтары Платон мен Аристотель философиясын өздеріне ұстаз санап, Әл-Киндиден бастап Ибн Рушқа дейінгі философтар бір-бірімен келісімді сұхбатқа түсіп, ислам философиясын жүйелі дамытуға өздерінің бар мүмкіндіктерін жұмсай білді. Бұл Ислам философиясының кеңінен таралуына және оның басқа исламдық ғылымдардың ішіне енуге мүмкіндік жасады.

Ислам философиясы ғылыммен тікелей тығыз байланысты. Олардың пікірінше философия ғылымдарды өз мазмұнымен терең толықтыра түседі. Мұсылман философтары ойлауға қатысты барлық ғылымдарды философияға жатқызып «ұлы әл-Флсафа уа әл-Хикма»-оны философия және даналық ғылымы деп атай-

ды. Нәтижесінде табиғат болмыс мәселелерін бірі деп, соны шешуге тырысады. Бұған мысал ретінде Ибн-Синаның «Китаб ат-Шифа» (Шипалық кітабы) атты шығармасын айтуға болады. Бұл үлкен ислам энциклопедиясы төрт бөлімнен тұрады: логика, табиғат, математика және теология.

Барлық мұсылман философтары, біріншіден, ғалымдар содан кейін философтар, соның ішінде әл-Кинди де математика мен табиғатқа ерекше мән береді. Оның айтуы бойынша математиканы білмеген адам философ бола алмайды. Еуропалық ренессанс дәуірінде әлемдегі ең танымал он екі данышпанның бірі Ибн-Сина болды дейді. Ол медицинаны және философияны да жетік білген, меңгерген ұлы данышпан ғалым болды. Медицина саласында оған тең келер адамда табу ол кезде қиын болар еді. Нақтырақ айтсақ Ибн-Сина Еуропадағы жаратылыстану ғылымдарына әсіресе медицина ғылымдарының дамуына үлкен ықпал жасады. Ол Еуропаға Авецина деген атпен танымал болды.

Шындығында, ислам көзқарасы бойынша табиғат және математика философиялық таныммен өте тығыз байланысты, оларды бір-бірінен бөлек ажыратып қарауға мүлдем болмайды. Бұл жерде біздер орта ғасырдағы өте үлкен танымал ғалым, медик Абу Бакр ар-Разийдің «ал-Хавий» еңбегін мысал ретінде айттып өтуге болады. Оның бұл еңбегіне бүкіл еуропалық Батыс арқа сүйеді.

Осы жерде біздер ортағасырлық өте танымал мұсылман философтарына қысқаша болса да тоқталып өтуді жөн көріп отырмыз. Бұл философтардың қай қайсысы болса да Ислам әлеміне танымал болуымен қатар олар Еуропалық ренессанс дәуірінде еуропалық Батыстағы философия және де жаратылыстану ғылымдарының ілгері дамуына үлкен ықпал жасады.

Бұл жерде ислам философиясының қалыптасуына айтарлықтай үлес қосқан тұңғыш араб философы Аль-Кинди туралы да айтып кетпей болмайды. Оның толық аты жөні Якубб Исхак ал-Кинди. Ол Куфе қаласында дүниеге келген, Баср, кейіннен Бағдатта білім алды. Ол грек философиясы бойынша бірнеше кітаптарды араб тіліне аударып, кейбірін сынап, сондай-ақ ол кітаптарға пікір жазады. Философия саласы бойынша бірнеше кітаптардың авторы. Кейбір мәліметтер бойынша оның шығармаларының саны 270-тей кітап жазған. Оның біраздары ғана



біздерге жетті. Ал-Киндий грек философиясын өте терең оқып біледі. Әсіресе ол философия мен математиканы философиялық тұрғыдан зерттеуге қатты көңіл бөлді. Оның ілімінде бірінші орынға гносеологиялық мәселелер шығады. Өз жұмыстарында логика және математика арқылы табиғаттағы және қоғамдағы барлық құбылыстар болмыстың қатаң заңдылықтарымен өтіп жататынын дәлелдеуге тырысады. Құдай оның пікірінше «бірінші себепшісі» ғана. Ал-Кинди танымның үш сатысын айтып өтеді: 1) логика және математика; 2) жаратылыстану ғылымдары және медицина; 3) метафизикалық мәселелер.

Аль-Кинди ілімін жалғастырушы Абу Наср аль-Фараби барлық жаратылыстану ғылымдарын және медицина ғылымын өте жоғары бағалады. Ғылымдағы бірінші орынды математика және логикаға берді. Бұл жерден біздер ойшылдың адамның жетілуі үшін оның ақыл парасатына аса көңіл бөлгенін көреміз. Тек философия ғана адамға болмыстың мәнін түсіндіріп бере алады дейді. Ол Аристотель мен Платон философиясы ғана барлық сұраққа жауап береді сөйтіп, біріншісінен логиканы, екіншісінен онтологиялық жүйені алады.

Ойшыл құдайдың барлығына сене отырып, бірақ ол болмыстың жаратылуында «бірінші себепші» ғана деп түсіндіреді. Дүниенің жаралуы ол тек табиғаттың өз заңдылықтарына сәйкес ешқандайда жаратушы күштің жоқ екендігін алға салады.

Келесі араб тілді ортағасырлық өте танымал философ Ибн-Сина (Еуропада ол Авицена деген атпен белгілі). Ол медицина, философия және басқа ғылымдар саласы бойынша 300 кітаптар жазды. Өз заманының керемет энциклопедист ғалымы Ибн-Сина көптеген ғылым саласы бойынша еңбектер жазып, әсіресе оның, медицина және философия жайлы жазған шығармалары әлемге танымал болды. Оның ең басты еңбегі «Шипалық кітабы» деп аталады. Бұл кітап медицина саласында қазіргі таңда да өз маңызын жоймай ғалымдар арасында үлкен қызығушылық танытып келеді. Ол ғалым ғана емес, емдеуші дәрігер, тек ғылыми тәжірибелерге ғана сүйенген, медицина ғылымы бойынша өте құнды пікірлер айтқан ұлы ғұлама философ әрі дәрігер. Ол әл-Фараби ілімін жалғастырушы ғалым философтардың бірі. Ибн-Синаның пайымдауынша философия болмыс туралы ілім. Ол оны үш бөлікке бөледі:

- физика (табиғат туралы ілім)
- логика (табиғатты, қоғам және адамды тану жолдары туралы ілім)
- метафизика (физиканың және метафизиканың болмысын түсіну туралы ілім),

Сонымен физика логикаға себеп идеясын енгізеді. Логика физиканы таным методикасына үйретеді. Ғылымның басты пәні, метафизика туралы ол жеке заттар болып табылмайды, оның пәні абсолютті болмыс, себебі ол абсолюттідейді. Оның метафизикасының орталық орнын эманация теориясы алады, дүниені жаратушы құдай емес, ол табиғи жолдармен табиғаттың өзінен, эманация жолымен жаралып отыр, яғни құдай «бірінші себепші» ғана.

Сонымен қатар ол Құдайдың барлығын мойындай отырып, материалдық дүние мәңгілік оны ешкім қолдан жаратқан жоқ. Дүниені жаратуда құдай әлсіз, қажеттілігіне барға бағынады дейді.

Ибн-Синаның әсіресе медицина жайлы жазған шығармаларының Еуропалық Ренессанс дәуіріне әсері өте үлкен болды. Батыс Еуропалық жаратылыстану ғылымдарының дамуына Ибн-Сина ілімнің ықпалы қазіргі таңда да өз күшін жойған жоқ деп айта аламыз.

Ғылым, медицина және философияның шарықтау шыңына жеткен кезеңі XII ғ. Испанияның гүлдену дәуіріне байланысты деп айта аламыз. Бұл жерде атақты ғалымдар, дәрігерлер, танымал философтар Ибн Баджа (латын транскрипциясында Авемпаце), Ибн-Рошд (еуропалық транскрипцияда Авероэс) және басқалар өмір сүріп, керемет ғылыми еңбектерді дүниеге алып келді. Бұлар Испандық перипатетизмнің ең ірі өкілдері. Өз ғылыми еңбектерін олар сол кездегі ғылыми тіл араб тілінде жазды. Олар Платон мен Аристотель философиясының ізбасарлары болды.

Исламдық орта ғасыр Араб Шығысында өздері билік жүргізіп тұрған Испания бөлігінде ғылым мен философияның дамуына Еуропа мен Шығыс Азияға қарағанда діннің ықпалы айтарлықтай күшті болған жоқ. Бір жағынан үлкен бір араб Халифатының мемлекет басына келуі ғылыми орталықтар мен философиялық ойлардың еркін дамуына үлкен мүмкіндіктер жасады. Біздерге белгілі VII- IX ғасырларда Батыс Еуропадағы мәдени дамулар өте төмен деңгейде болған болса, ал араб шығысында өте күшті өзіндік мәдениет ғылым философия гүлдену,

үлкен қарқынмен даму жағдайында болды. Әсіресе араб-мұсылман әлемінде жаратылыстану ғылымдары өте жоғары деңгейге көтерілді. Бұл дәуір ғылым, мәдениет, өнер, техника, медицина ғылымдарының ең шарықтаған шағы еді. Бұл дәуірді Еуропа ғалымдары да мұсылмандық ренессанс, ғылым мен мәдениеттің жоғары өрлеген алтын ғасыры деп те атады.

Қорыта айтар болсақ, Әл-Фарабидің дін

мен философияны ортақтастыру әрекеті ислам әлемінде, ислам философиясы мен ғылымын қатар дамытуға мүмкіндік алынды. Ежелгі Грецияда дүниеге келген философия – ғылым, Еуропалық Ренессансқа дейін араб-мұсылмандар тарабынан терең игеріліп, танып біліп, ислам философиясының дүниеге келуіне негіз болды. Сөйтіп, орта ғасырларда ислам философиясы мен ғылымның дамуына, үлкен жол ашылды.

#### Әдебиеттер

1. Ali Bulach, *Islam dusuncesinde din-felsefe vahiy-akil iliskisi*. – Yeni akademiya yayinlari, Istanbul, 2006. – P. 153; p. 154; p. 155; p. 157; p. 158; p. 160
2. Mehmet Bayrakdar, *Islam felsefesine girish*, Ankara: Turkiye. – P. 174, p. 233
3. Muhammed Riza al-Hakimi, *Al-hayat*, Tehran, 1408-1367 (according to the Muslim calendar), V.1, p. 140
4. Ibn Rushd, *Tahafut*, Beyrut, 1930. – P. 229-234; p.233